

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҚОҒАМ ОРНАТУДЫҢ НЕГІЗІ – БІЛІМДЕ

Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасында, сондай-ақ цифрландыру барысында білім беру ісіне үлкен мән берілген. Осы қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай білімді де білікті, әлемдік бәсекеге қабілетті ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге Қарағанды облысының ұстаздары да атсалысуда.



Қарағанды білім басқармасының, облыс әкімшілігінің қолдауымен дарынды балаларға қолдау көрсету мақсатында ашылған «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы 2017 жылы он жылдық мерейтойын атап өтті.

Осы жылдары Қарағанды облысының құрама командасы «Үздік олимпиадалық команда» атағын, лайықты жүлделі командалық орнын республикалық деңгейде дәлелдеп келеді.

Биылғы жаратылыстану-математика бағыты бойынша олимпиада Атырау қаласында өтсе, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы олимпиада Қостанайда өтті.

Олимпиада қорытындысы бойынша, Қарағанды облысының олимпиадалық командасы 26 медаль иеленді (2 алтын, 10 күміс, 14 қола медаль), «Үздік олимпиадалық команда-2018» атағын жеңіп алып, марапатқа тұрарлық 2 орынның иегері атанды.

Қарағанды облысы білім басқармасының қолдауымен облыс оқушылары халықаралық, республикалық жарыстарға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуде. Халықаралық деңгейде өткен олимпиадалар мен конкурстарға облыс бойынша 61 оқушы қатысып, 26 оқушы жеңімпаздар қатарынан көрінді. Осы

жарыстардың ішінде Сүлеймен Демирел университетінде халықаралық деңгейде өткен «INFOMATRIX-ASIA» халықаралық компьютерлік жобалар жарысындағы жеңістерді атап айтуға болады.

Осы жарысқа облыстан 18 оқушы қатысып, 15 оқушы жеңіспен оралды, оның алтауы алтын алқаны еншіледі.

Қарағанды №1 «Білім-инновация» лицейінен 3 оқушы қатысып, үшеуі де алтын алса, «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары 2 алтын, 2 күміс медальға, Қарағанды қаласының №57 мектеп-лицейінен қатысқан оқушы алтын медальға ие болды.

Павлодар қаласында өткен А.Бектұров атындағы IV Халықаралық химия олимпиадасына 19 команда, 83 оқушы қатысты. Атап айтқанда, Қазақстанның 9 аймағынан, Алматы мен Астана қалаларынан, республикалық білім беру ұйымдарынан, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымынан, Ресей Федерациясының Саха Республикасынан (Якутия), Новосибирск қаласынан келген өрендер бақ сынады. Екі кезеңнің қорытындысы бойынша, Қарағанды облысынан қатысқан 4 оқушының үшеуі: Қарағанды №1 «Білім-инновация» лицейінің 10-сынып оқушылары Нұрпейісов Олжас пен Абабаев Ерслан («химия» пәнінің мұғалімі – А. Саматов) күміс медаль иеленсе, Жезқазған қаласындағы №3 «Білім-инновация» лицейінің 11-сынып оқушысы Құсайынбеков Мұхтар («химия» мұғалімі – Қ. Байкенов) қола медальді олжалады.

Қарағанды №1 «Білім-инновация» лицейінің 10-сынып оқушылары – Нұрпейісов Олжас пен Абабаев Ерслан Қазақстан құрама командасының құрамында Минск қаласында өтіп жатқан халықаралық Менделеев олимпиадасына жолдама алды.

Олимпиада қорытындысы бойынша, Нұрпейісов Олжас 3-дәрежелі дипломмен марапатталып, қола алқаға ие болды. Абабаев Ерсланға Халықаралық Менделеев олимпиадасының сертификаты тапсырылды.

2017-2018 оқу жылында Қарағанды облысының жеңіс қоржыны 82 медальға (16 алтын, 23 күміс, 43 қола медаль) толықтырылды.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық негізгі құндылықтарды сақтауда, еліміздің ертеңі – жаңашыл, төзімі берік, ізденімпаз, тұлғаны қалыптастыруда облыс ұстаздарының үлкен шыңдарды бағындыруларына тілектеспіз.

М. СЫЗДЫКОВ,
«Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының директоры

АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о работе регионального научно-практического центра «Сарыарқа дарыны» и достижениях учащихся Карагандинской области на международных и республиканских олимпиадах.